

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін көшелер мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы N 23-21 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 мамырда N 2747 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 7-6 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 7-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-33 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3 бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" Үкіметінің қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*Ғабит Мұсірепов атындағы*

*ауданы мәслихатының*

*XXIII сессиясының төрағасы*

*Н. Габдулов*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мұсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының хатшысы

Б. Ысқақова  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мұсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
2014 жылғы 31 наурыздағы  
№ 23-21 шешімімен  
бекітілді

## **Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дін қағидалары**

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-33 (ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дін қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дін үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округі аумағындағы ауылдар мен көшелерінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дін үлгі тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округі аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

### **2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның Шұқыркөл ауылдық округінің әкімімен шақырылады және ұйымдастырылады.

6. Жергілікті қоғамдастық халқы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның Шұқыркөл ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық орындарға ( ауылдық округ әкімдігінде, хабарлама тақтасында, дүкендерде) хабарландырулар ілу арқылы, олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауылдарының, көшелердің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынды өткізууді Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның Шұқыркөл ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның ашылуы алдында тиісті ауылдың, көшениң қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның Шұқыркөл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның Шұқыркөл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдардың, көшелердің тұрғындарының өкілдерінің кандидатураларын Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатымен бекітілген сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның қатысушыларымен ұсынылады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыннанда хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы екі жұмыс күн ішінде қол қояды және қол қойылғаннан бастап

бір жұмыс күн ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ғабит Мұсірепов атындағы  
ауданы мәслихатының  
2014 жылғы 31 наурыздағы  
№ 23-21 шешіміне  
қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын көшелер мен ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Ескеरту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 30.12.2021 № 14-33 (ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 23.05.2023 № 3-40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

№	Ауылдар мен көшелер атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын көшелер мен ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Шұқыркөл ауылы, Айқын Нұрқатов көшесінің тұрғындарына	3
2	Шұқыркөл ауылы, Рамазанов көшесінің тұрғындарына	1
3	Шұқыркөл ауылы, Интернациональная көшесінің тұрғындарына	1
4	Шұқыркөл ауылы, Еркін Әуелбеков көшесінің тұрғындарына	1
5	Шұқыркөл ауылы, Мұхтар Ауэзов көшесінің тұрғындарына	2
6	Шұқыркөл ауылы, Абай көшесінің тұрғындарына	2
7	Шұқыркөл ауылы, Школьная көшесінің тұрғындарына	1
8	Шұқыркөл ауылы, Байтасов көшесінің тұрғындарына	1

9	15 жылдық Қазақстан ауылы тұрғындарына	3
10	Қарағаш ауылы тұрғындарына	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК